




Мәдени жалпы білім беретін мектебінің 2023-2024 оқу жылында

4-сыныпта атқарылған тәрбие жұмыстарының есебі.

Сынып жетекшісі: Үйсінбаева Шолпан

Оқушы саны: 21 қыз бала:6 ұл бала:15

2023-2024 оқу жылының басында 4-сыныптар 34 сағаттық жүктеме бойынша тәрбие сағатының жоспары құрылып, бекітілді. Оқушыларды адал, еңбексүйгіш, патриот, сауатты және жан-жақты ізденімпаз етіп тәрбиелеу мақсатында құрылған сынып сағаттары жоспар бойынша жүргізіліп отырды.

Атап айтқанда: 1 қыркүйек – Білім күні «Мектебім-мерейлі мекенім», 1 қазан – қарттар күні «Қарты бардың-қазынасы бар», ҚР рәміздеріне-30 жыл «Рәміздерім-мақтанышым» тақырыбына эссе жазу, 16 желтоқсан – Тәуелсіздік күні «Тәуелсіздік таңы атқан күн», «Отбасы-бақыт мекені», «Ана-күннің шуағы», "12-сәуір Ғарышкерлер күні", «Тән мен жанның тазалығы», «Менің құқықтарым-менің міндеттерім» таныстырылым, «Адам бойындағы асыл қасиеттер» видеоролик тамашалау және «Өмір қауіпсіздігі туралы не білеміз?» тақырыбында пікірталас форматында сынып сағаттары өткізілді.

Жаңа жыл мерекесіне орай **«Қош келдің, Жаңа жыл»** атты тәрбие сағаты өткізілді.



Балалар мерекелік киімдерін киіп келіп,өлең-тақпақтарын айтты. Би биленді



1-наурыз **Алғыс айту күніне байланысты тәрбие сағаты** өткізілді. Мақсаты бір-біріне, ата-анасына, ұстаздарға, бауырларына, Отанына алғыс айту арқылы мейірімділікке, кішіпейілділікке тәрбиелеу



Сынып оқушылары тек сынып сағаттарында ғана емес мектіпішілік іс-шараларда, спорттық сайыстарда, аудандық және облыстық пәндік олимпиадалар мен ғылыми жобаларда белсенділік танытып жүлделі орындарға ие болды. Атап айтсақ, Математика пәнінен «Алтын сақа» олимпиадасының аудандық кезеңінде 4-сынып оқушысы Үсіпбай Айдана 2- орын иеленді. Үсіпбай Айдана Математика пәнінен 3-4 сыныпқа арналған «Бастау» олимпиадасына қатысып, жүлделі III орын иеленгені үшін марапатталды.

1-мамыр **Бірлік күніне байланысты тәрбие сағаты** өткізілді



Сонымен қатар, оқушыларды еңбекке баулу мақсатында апта сайын сынып бөлмесін тазалауға және күнделікті кезекшілік кестесі бойынша сыныптың еденін ылғалдандыруын қадағалап отырдым. Күнделікті сабаққа кешіккен, сабақ босатқан оқушылармен әңгіме жүргізіп отырдым. Сынып оқушылары мектеп формасын сақтап отырды. Оқу үлгерімі бойынша әр пән мұғалімімен жекелей сөйлесіп отырдым.

6-мамыр күні 9-мамыр Жеңіс күніне орай **«Ерлік мәңгі өшпейді» атты ашық тәрбие сағаты** өткізілді. Мақсаты балаларға патриоттық тәрбие беру



Ата-аналар жиналысы өткізіліп отырды. Онда оқушылардың оқу үлгерімі, сабаққа қатысуының белсенділігі және т.с.с. мәселелер талқыланып отырды. Жиі сабақтан қалатын оқушылардың ата-анасымен жеке жұмыс жүргізіліп, қысқы, күзгі, көктемгі және жазғы демалыста қайда болатындығы, өмір қауіпсіздігі және түнгі уақытта ата-анасыз жүруге болмайтындығы айтылып, ескертілді.

Жыл көлемінде атқарылған тәрбие жұмысы «Жақсы» деп қорытындыланды